

Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
СТРОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

12 октябрь Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БК(б)П XIX съезінің БК(б)П Орталық Тексеру Комиссиясының есебі жөніндегі қарары

(БІРАУЫЗДАН КАБЫЛДАНДЫ)

БК(б)П Орталық Тексеру Комиссиясының есебі бекітілсін.

ст (большевиктер) партиясының XIX съезі

З Д К У Н Д Е Л І Г І

ябрьдегі таңертеңгі мәжіліс

ін айтты.

салыстырғанда екі
лшек сауда товар ай-
айта келіп, Микоян
ары автомобиль, мото-
адиоқабылдағыш, те-
оңазытқыш, музыка
сқа товарлар сату
атап көрсетті, мұның
материалдық әл-ау-
ғандығын айқын көр-
ауқаты өскендігінің
а сенімі артқандығы-
1952 жылы халық-
ына салған ақшалары
т есе өскендігі болып
жылдың ішінде ба-
өтижесінде көпшілік
асының жалпы дәре-
ни екі есе кемітілді.
онополистер неғұрлым
атымен бағаны көте-
ін жалақысын төмен-
нып отырған капи-
қ- түлік бағасының
ын көрсететін мәлі-
інің едәуір бөлегін
ық саудасына арна-

айтты. Ол XIX съездің бүкіл прогресшіл
адамзат үшін және, әсіресе, корей халқы
үшін аса зор маңызды екенін атап көр-
сетті.

Американ империалистері Кореяда со-
ғыс және саяси жағынан елеулі жеңіліс-
ке ұшырап дейді шешен соғысу-
дың нағыз жантүршігерлік әдісте-
рін — бактериологиялық және хи-
миялық қаруларды қолдануға кірісті.
Американ интервенттерінің барлық аюан-
дықтарына қармастан корей халқы мен
оның батыр армиясы Еңбек партиясының
және оның сүйікті көсемі Ким Ир Сеннің
басшылығымен зұлым жауды біржолата
жеңіп шығуға белді бекем буып отыр.

Пак Ден Ай ду овация үстінде Ко-
реяның Еңбек партиясы Орталық Коми-
тетінің атынан съезге Қызыл Ту тапсыр-
ды. Председательдік етуші Патолчиев
жолдас туды қабылдай отырып, жауынгер
корей халқының өз отанының бостанды-
ғы мен тәуелсіздігі үшін күресте жеңіп
шығуына съезд атынан тілектестік біл-
дірді. Корея мен Совет Одағы халықтары-
ның арасындағы достық құрметіне ай-
тылған құттықтау сөздер ду қолшапалақ-
тап қарсы алынды. Жұрттың бәрі орын-
лабынан тұрды.

щев жолдас. — Совет мемлекетінің эконо-
микалық күш- қуатын одан әрі нығайту-
дың, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығы
мен транспортты одан әрі өркендетудің
программасы белгіленіп отыр.

Темір жол транспортын өркендегудің
мәселелеріне тоқтала келіп, Бещев жол-
дас кәзіргі кезде еліміздегі темір жолдар-
дың жүк айналымы соғысқа дейінгі дәре-
жесінен, шамамен айтқанда, 80 процент
артқандығын хабарлады, мұның өзі пар-
тияның өте зор ұйымдастырушылық жұ-
мыстарын, социалистік экономиканың қуа-
тын дәлелдейді. Бір ғана Омбы магистра-
ліңде тасылатын жүктің көлемі бүкіл
Англиядағы темір жолдарда тасылатын
жүктен артық.

Темір жол транспортының техникамен
қарулануы едәуір арта түсті. Өз Отаны-
мыздың өнеркәсібі оны мыңдаған жаңа
локомотивтермен, жүздеген мың вагон-
дармен жабдықтады. Жүк көп тасылатын
басты- басты магистральдарда ауыр тиіпті
рельстер төселді, бірқатар жол участок-
тері электрленді. Жүк тиеу және жүк тү-
сіру жұмыстарын механикаландыру дәре-
жесі соғысқа дейінгісінен 2,4 есе өсті,
теміржолшылардың мәдени, техникалық

БК(б)П XIX съезіне тартулар

Бейбіт еңбек қуанышы

Кең- байтақ Отанымызды мекендеген
барлық совет халықтары қуанышты күн-
дерді басынан өткізуде. Өйткені, барлық
жеңістерімізді ұйымдастырушы және оған
дем беруші туысқан Коммунист партия-
сының XIX съезі өтіп жатыр. Съезд қар-
саңындағы күндердегі сыяқты, съезд
күндерінде де әрбір совет адамы Отан ту-
ралы, партия туралы, көсеміміз Сталин
жолдас туралы ізгі оймен, Отанымыздың
экономикалық қуатын арттыра беру үшін
еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра
түсуде.

Біз, совет адамдары, Ленин—Сталин
партиясының бақытты өмірді жасап бер-
геніне қуанумен қатар, заводтар мен фа-
брикаларда, колхоздар мен совхоздарда
еңбекшілердің жұмысын жеңілдетіп, өнді-
ріс процесін толық механикаландырғанын
да мақтаныш етеміз.

Мен «Бірінші май» кәсіпшілік артелін-
де көпшілік кнімін тігетін цехтың басты-
ғы болып істеймін. Жұмыс орнымыз кең,
жарық және жылы. Өрбір жұмысшының
өзіне, кнім тігетін машинасына арнаулы
орын бар. Тігін машиналарының барлы-
ғы электр қуатымен жүргізіледі. Өзіміз-
дің отандық заводтарымыз жасаған бұл
машиналар тоқтаусыз жұмыс істейді.
Машиналарды уақытында тазартып, май-

шеберлер партияның XIX съезі құрметін
алған тапсырманы айта қалғандай орын-
дап шықты. Цех жұмысшылары өзара
бірімен —бірі социалистік жарысқа тү-
сіп, міндеттеменің орындалуын күн са-
йын тексеріп отырады. Біздің цехта өн-
дірістік тапсырманы үнемі артығымен
орындап, өнім сапасын жақсартып түсуде
келе жатқан 33 стахановшы бар. Олар-
дың ішінен, әсіресе, П. В. Усольцева,
Р. Г. Попова, В. И. Белова, М. А. Савина
және М. Д. Шумакова сыяқты жолдастар
ерекше көзге түседі.

Үстіміздегі октябрь айының 5 күні
алған көтеріңкі міндеттемеміз бо-
йынша, 44 мың сомның өнімін беруге
тиіс едік. Ал, біздің цех жұмысшылары
оның орнына 55600 сомның өнімін шы-
ғарып, көрнекті табысқа ие болды. Біз-
дің цех сентябрь айының программасын
129,6 процент орындап, артель бойынша,
социалистік жарыста бірінші орынға
шықты. Біз жыл басынан бері 84300
сом мемлекет қаржысын үнемдедік.

Мұнан былай да еңбек өнімділігін үне-
мі арттыра отырып, еңбек майданында
жаңа өндірістік табыстарға жету үшін
социалистік жарысты бұрынғыдан да
күшейте түсеміз.

лып отыр.

Астананы қайта құру жөніндегі жұмыстардың аса ұлы программасын орындау жөнінде, деп мәлімдеді Янов жолдас, партия мен үкмет бізге жүктеген барлық жауапкершілікті біз түсінеміз. Москва партия ұйымы мен Москваның барлық еңбекшілері бұл міндетті аброймен орындап шығады.

Съезге қатысушылар Сталин жолдастың еріктерінің бірі — **А. И. Микоян** жолдастың мінбеге келуін ұзақ ду қолшалақтап қарсы алды.

— Орталық Партия Комитетінің есебі, Орталық Партия Комитетінің съезге арнаған документтері және Сталин жолдастың соңғы күндері жарияланған СССР-дағы социализмнің экономикалық проблемалары туралы данышпандық еңбегі, — дейді Микоян жолдас, — біздің жүріп өткен жолымызды да, барған сайын өте айқын сезіліп отырған коммунистік қоғамға қарай ілгері басар жолымызды да сталиндік данышпандықтың нұр сәулесімен жарқыратып тұр.

Микоян жолдастың: біздің қуатты партиямыз өзінің XIX съезіне жыйнала отырып, бізді тәрбиелеген, ұйымдастырған және барлық қиыншылықтар мен сын-дардан аман алып шыққан, коммунизм салтанатына бізді сеніммен бастап келе жатқан адамға — данышпан Сталинге, коммунизмнің ұлы сәулетшісіне алғыс айтады, деген сөзін залдағылар қызу қарсы алды.

Микоян жолдас сөзінің едәуір бөлегін тұтыну бұйымдарын өндіретін өнеркәсіптің жұмыстарына шөлу жасауға арнады. Ол советтік тамақ өнеркәсібін дамытудың ерекше белгісі неғұрлым бағалы өнімдерді — етті, сүтті, балықты, жеміс, қант және басқа өнімдерді шығарудың тез өсіп отырғандығы екендігін, мұның өзі халықтың өскелең тілегіне сай келетіндігін атап көрсетті. Егер, Америка Құрама Штаттарында ет өндіру 1951 жылы 1946 жылғыдан 437 мың тонна кемітілген болса, Совет Одағында осы дәуірдің ішінде ет өндіру 709 мың тонна артты.

Микоян жолдас жаңа бесжылдықта ет, балық, қант және басқа өнеркәсіп салаларын өркендетудің аса зор болашақтары

өсуде. Соғыстан кейінгі жылдары көмір өнеркәсібі жаңа техникамен қайта қаруланды, мол өнімді совет техникасымен жабдықталды, көмір шығарудың бірқатар негізгі процестерін механикаландыруды аяқтады, кезір ол дүние жүзіндегі ең механикаландырылған өнеркәсіп болып отыр. Оның қолында шахтерлерді ауыр еңбектен босататын көмір тиетін машиналар, көмір комбайндары және басқа механизмдер бар.

Жаңа техниканы енгізу лавалар мен шахталардың бірқатарын график бойынша жұмыс істеуге көшіруге және негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштердің барлығын жақсартуға мүмкіндік туғызды.

Засядько жолдас жаңа бесжылдықта шахтерлердің алдына қойылатын міндеттерге толық тоқтап өтті. Көмір шығару 43 процент көбейтілуге тиіс. Бұл үстеп өсу патшалық Россияның 1913 жылы шығарған көмірінен үш еседен аса артық. Жаңадан түгелдей механикаландырылған көптеген шахталар мен көмір разрездері іске қосылады, автоматика кең түрде қолданылады, өндірісті ұйымдастыру ісі бұдан әрі де жақсартыла түседі. Шахтерлер жаңадан 7,5 миллион шаршыметр тұрғын үй алады.

Еліміздің халық шаруашылығында Донец бассейнінің орасан зор маңызы бар екенін айта келіп, Засядько жолдас съездің директиваларында жаңа бесжылдықта Донбасты тез өркендетудің қажеттігін ерекше атап көрсету керек деді. Ол совет шахтерлері бесжылдық жоспарда өздерінің алдына қойылып отырған, еліміздің барлық еңбекшілерінің өмірлік мүдделеріне сай келетін міндеттерді аброймен орындап шығады деп съезге сенім берді.

Корея Еңбек партиясының секретары **Пак Ден Айға** құттықтау сөз берілді. Корея халқының даңқты қызын, бейбітшілік жолындағы аса көрнекті күрескерді залдағылар ұзақ ду қолшалақтап қарсы алды. Съезд әділ іс үшін күресіп жатқан, өз отанының бостандығы мен тәуелсіздігін американо-ағылшын интервенттерінен қорғап жатқан жауынгер корей халқына өзінің жақсы ықласын білдірді. Пак Ден-Ай жолдас Корея Еңбек партиясы мен елдің барлық еңбекшілерінің съезге және бүкіл совет халқына жолдаған сәлемін

партиясының даңқы арта берсін!

Иосиф Виссарионович Сталиннің даңқы арта берсін! — деп ұран салды. Бұл сөздер овацияға айналған ду қолшалақтаумен қарсы алынды.

Сөз **Смирнов** жолдасқа (Горький) берілді. Ол партияның XVIII және XIX съездер арасындағы дәуірде ұлы Сталиннің данышпан басшылығымен өткен даңқты жеңіс жолдары туралы айтты. Халық шаруашылығының бұрын болмаған қарқынмен өркендеуі, өндірістік-техникалық қуаттың өсуі, ғылым мен техниканың көркеюі бесінші бесжылдық жоспарда белгіленген аса зор міндеттерді орындап шығуға толық мүмкіндік туғызып отыр.

Горький облысы машина жасау өнеркәсібі өскен ең ірі өнеркәсіпті облыстардың біріне айналды. Төртінші бесжылдықтың ішінде ол Отанымызға әртүрлі машиналардың көптеген жаңа түрлерін, оның ішінде автомобильдердің, жер снарядтарының, адам тасыйтын дизельді электроходтардың нағыз жетілген жаңа маркаларын жасап берді. Кәсіпорындарда советтік ғылым мен техниканың табыстары, өндіріс жаңашылдарының тәжірибелері кең қолданылуда, еңбекті көп тілейтін жұмыс процестері кеңінен механикаландырылуда. Аса ірі Горький су электр станцияда.

Облыста ағаш өнеркәсібі көрнекті орын алады. Ағаш дайындауда елеулі кемшіліктер бар, мұның өзі үлкен-үлкен өміссіз шығындарға және ағаштың өзіндік бағасын қымбаттатуға әкеліп соғуда. Шешен ағаш дайындаушы ұйымдардың санын едәуір азайтуды ұсынды.

Смирнов жолдас облыстың өнеркәсібін шикізатпен жабдықтауды дұрыс жоспарламай отырғандығы үшін СССР Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің жұмысын сынады.

Горький партия ұйымы, деді ол сөзінің аяғында, бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларды талқылап, түгелдей қостады. Советтік елімізде коммунизм құрудың сталиндік ұлы программасын орындауға коммунистер барлық күштерін аянбай жұмсауға әзір.

— Съездің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жобасында, — дейді Қатынас жолдары министрі **Бе-**

еңбегіне румын халқының аса зор назар аударып отырғанын айтты. Бұл классиктік сталиндік еңбек пен съезд алдындағы документтер румын тіліне аударылып, жүздеген мың дана болып басылып шықты.

Совет Одағының көмегі арқасында, дейді шешен бұдан әрі, румын халқы социалистік құрылыстың мынадай кезеңіне өте алды: кезір ол енді индустриаландырудың зор жемісін жыйнай бастады, кезір ол еңбек бостандығының қуанышын сезе отырып, барлық күшін өз Отанын нығайтуға және көркейтуге, халқының әл-ауқатын арттыруға жұмсап отыр.

Георгиу -Деж жолдас өзінің сөзін бүкіл залдың ұзақ қолшалақтап, қошеметтеуі үстінде ұлы Совет Одағының құрметіне, румын және совет халықтарының арасындағы берік достық пен туысқандық қарым-қатынастың құрметіне, Коммунистік партияның құрметіне, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемі Сталин жолдастың құрметіне ұран салумен аяқтады.

Финляндия Коммунистік партиясы мен фин халқы еңбекшілерінің атынан съезді Финляндия Коммунистік партиясының секретары **Вилли Песси** құттықтады, оны делегаттар мен қонақтар қызу қарсы алды. Ол: Ленин — Сталин партиясы барлық елдердің коммунистік партиялары үшін маркстік-лениндік теорияны жүзеге асырудың ұлы өнегесі болып табылады деді. Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы бүкіл адамзатқа қоғамның ең жоғары формасына баратын жолды көрсетті, социалистік системаның өмірге бейімділігін және капиталистік системадан артықшылығын іс жүзінде дәлелдеп берді.

Осы өмір тәжірибесінің негізінде, деді Песси жолдас, Финляндияның еңбекші халқы совет халқымен достық қарым-қатынас жасаған жағдайда ғана фин халқын бақытқа жеткізуге және оның өмірін көркейтуге болатынын бұрынғыдан анағұрлым жақсы түсініп отыр. Совет Одағының күш-қуатынан біз бүкіл дүние-жүзілік бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің жеңімес ұлы күшінің негізін көріп отырмыз.

Съездің таңертеңгі мәжілісі осымен аяқталды. (COTA).

Торанғұл тияның XIX етіп, айтар! Совхоз мекемедегі вахтаға лесі жылдың гізуге, зябыт міндеттенген қуатын және пайдалана отірінің алған роиймен орын

Совхоз бой толық орында 4715 гектар гі уақытта қ жыртып жатт низаторлар е да арттыра т съезд құрметі пөрменінше е маны үнемі а жүр. Мұндай Пономарев жо йына ДТ—54 келеді. Содан

Съезд ашыл жолдас басқар механизаторлар не ұлғайтыла жыртуды бұры ұйғарған-ды.

Бұл түскі ү де үгітші, ком келді. Ол мех қолындағы газ тракторшылар сідей зер сала бірінші әңгімес рын механизат тың баяндамас зор қуанышқа

Мұнан кейін съезд құрметіне дегтемелерінің тады.

— Съездің ал

Коммунист (большевиктер) партиясының XIX съезі

(б)П Орталық Төксөру Комиссиясының есепті баяндамалары бойынша жарыссөз

БЕРИЯ жолдастың сөзі

тойтара (пақтау). дін ортақ ісіміз үшін—ССРО-ның қуатын нығайтып, коммунистік қоғам орнату үшін, бұл жағдайда дұрыс ұлт саясатын жүргізудің ерекше маңызы бар.

Партиямыздың ұлт саясаты, пролетарлық революция туралы лениндік ілімнің бір бөлегі болып табылатын жинақты ғылыми дәлелденген. Ұлт мәселесі теориясына негізделеді. Коммунистік партияның ұлт мәселесіндегі программасы мен саясатын жасаушылар —Ленин мен Сталин. Сондықтан да біздің ұлт саясатымызды лениндік-сталиндік деп атайды. Біздің партиямыздың ұлт саясатын Совет Одағының халықтары қызу қостап, бірауыздан қолдауда.

Ленин мен Сталин советтік көп ұлтты мемлекетті құру ісіне тікелей басшылық етті. Ұлы Лениннің қайтыс болуынан кейін Сталин жолдас еліміздің халықтарының туысқандық ынтымағын жолға қою, республикалар одағын нығайту, халқымыздың экономикасы мен мәдениетін өркендету ісінде партияның бүкіл жұмысын бағыттап отырды. Сталин жолдас ұлт мәселесі жөніндегі маркстік-лениндік ілімді жасауда ерекше роль атқарып келеді. Ол марксизм-ленинизмді ұлт теориясымен байытты, жұмысшы табының ұлттық және интернационалдық міндеттерінің бірлігі туралы, империализм дәуіріндегі ұлттық-азаттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасы туралы лениндік ілімді дамытты, советтік көп ұлтты мемлекет жағдайында коммунистік партияның ұлт саясатының теориялық негіздерін жасады, социалистік ұлттар және олардың коммунизмнің жеңісі жолындағы күресте дамуы туралы ілімді жасады.

гандарында, сот органдарында халық сыйлаған, жергілікті халықтың тұрмысын, әдет-ғұрыптарын және психологиясын білетін адамдар мемлекет істерін бүкіл халыққа ұғымды ана тілінде басқарады.

Ұлттардың мұндай шын мәнісіндегі теңправдылығы бірде-бір буржуазиялық мемлекетте жоқ. Мұның өзі түсінікті де, өйткені капиталистік құрылыс шеңберінде ұлттық езудің жою мүмкін емес. Жұртқа мәлім, буржуазиялық елдер: мемлекетті басқарудың бүкіл системасы нәсілдер мен ұлттардың теңсіздігіне, нәсілдік кемсітушілікке, ұлттар арасында алауыздықты және өшпенділікті қоздыру үшін ұлтшылдық соқыр сенімдерді пайдалануға негізделген. Біздің заманымызда нәсілдік және ұлттық кемсітушілікті мықтап қоздыру жағынан екі мемлекет —Америка Құрама Штаттары мен Оңтүстік Африка Одағы ерекше көзге түседі.

Совет Одағының Коммунистік партиясы мен үкметі лениндік-сталиндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүргізе отырып, ССРО-ның бүкіл халық шаруашылығын жоғары дәрежеде өркендетумен қатар, экономика жағынан артта қалған ұлттық республикалардың неғұрлым тез өркендеуін қамтамасыз етті. Мұның нәтижесінде, өткен уақыттың мұрасы —ССРО халықтары арасындағы шаруашылық және мәдениет жөніндегі теңсіздік жойылды. Мұның өзі Совет өкметінің ұлт саясатының ең маңызды табыстарының бірі болып табылатыны сөзсіз.

Советтік ұлт республикаларын өркендетудегі табыстар туралы көптеген дәлелді мәліметтер келтіруге болар еді, бірақ мен тек кейбір мысалдарды келтірумен тоқталамын.

Советтік республикаларда сталиндік

қант қызылшасы және қант Франция мен Италияны қоса есептегендегіден едәуір көп өндіріледі.

Социалистік өнеркәсіп пен кәсіпшілік ауыл шаруашылығын өркендету негізінде украин халқы ауқатты тұрмыста өмір сүріп, мәдениеттің барлық игіліктерінен пайдаланады, ал Франция мен Италияның еңбекші бұқарасында бұл жоқ.

Өз елдерінде советтік құрылысты орнатқаннан кейін Прибалтика советтік республикалар шаруашылығының тез өркендеуінің мысалы да сондай дәлелді. Егер Литва, Латвия және Эстония одақтас республикаларын Норвегиямен, Голландиямен және Бельгиямен салыстырсақ, советтік республикаларда өнеркәсіптің өркендеу қарқыны Еуропаның жоғарыда аталған капиталистік елдеріндегіден әлдеқайда күшті екенін көреміз.

1952 жылдың басында өнеркәсіп өндірісі соғысқа дейінгі дәрежесінен: Литва ССР-інде 2,4 есе, Латвияда 3,6 есе, Эстонияда 4,1 есе артты, ал Норвегияда, Голландияда және Бельгияда өнеркәсіп өндірісі бұл уақытта соғысқа дейінгі дәрежесінен азғана асты. Ал бұл совет республикаларының соғысты едәуір дәрежеде күйзелген шаруашылықпен аяқтағаны мәлім.

Мұнымен бірге мынаны көрсетіп өтудің маңызы бар: ескі капиталистік Латвияда, оның сол кездегі билеушілерінің боямалап көрсеткен мәліметтері бойынша да, өнеркәсіп өндірісі 1913 жылдан 1939 жылға дейінгі уақыттың ішінде, яғни 26 жыл ішінде, бір жарым есе ұлғайды, ал жаңа Советтік Латвияда 11 жылдың ішінде —1940 жылдан 1951 жылға дейінгі уақытта —өнеркәсіп өндірісі, соғыстың және жаудың оккупациясының қарамастан, 3,6 есе ұлғай-

ССР Одағының құрамындағы ұлттық республикалардың экономикасын өркендету саласынан алынған кейбір фактілер осындай. Бұл фактілер бұл республикалардың экономикасы, кризистерді және төмендеуді бастарынан кешірмейтіндіктен үздіксіз өсіп, өркендеп отырғанын көрсетеді. Бұл фактілер, ақыр аяғында, империализмнен біржолата ажырасып, помещиктер мен капиталистердің үстемдігінен құтылған халықтар соншама зор табыстарға жете алатынын дәлелдейді. (Қолшапалақтау).

Советтік ұлт республикаларында өркендеген социалистік экономика жасау үшін, республикалардың көбіндегі мәдени мешеулікті біржолата жойып, мәдени құрылысты мейлінше кеңінен жүргізу керек болды, ана тілінде оқытатын көптеген бастауыш және орта мектептер ашу керек болды, жоғары оқу системасын жаңадан ұйымдастырып, тұрғын ұлттардан маман жұмысшылар, инженерлер мен техниктер, агрономдар мен зоотехниктер, мұғалімдер мен дәрігерлер даярлауды кеңінен жолға қою керек болды.

Лениндік-сталиндік ұлт саясатын жүзеге асыру нәтижесінде Совет Одағының халықтары шын мәнісінде мәдени революция жасады.

Кәзіргі уақытта советтік республикаларда өнеркәсіпте, құрылыста және транспортта 2 миллионнан астам инженер-техник қызметкерлер; ауыл шаруашылығында 400 мыңдай агрономдар, зоотехниктер, орман өсірушілер және басқа мамандар жұмыс істейді; мектептерде, техникумдарда және жоғары оқу орындарында 2 миллиондай мұғалімдер мен оқытушылар жұмыс істейді; қалалар мен селолардың емдеу орындарында 300 мың

рокфеллерлер, меллондар, дюпондар және басқалары, басқа мемлекеттердің экономикасын тезірек өз қолдарына алып, оны өздерінің мүдделеріне бағындыру үшін Еуропалық көмір және болат бірлестігі, дүниежүзілік мұнай картелі сыяқты, жаңа дүниежүзілік монополияларды тездетіп құруда. Басқа елдердің халықтарын тонау және құлдыққа салу жолымен, өздерінің шектен тыс көп пайда алуын қамтамасыз ету үшін, олар дүние жүзінің барлық бөліктерінде бүтіндей өздерінің үстемдігін орнатқысы келеді. Мұның үшін оларға соғыс керек. Соғыс әзірлігін жасау мақсаты мен Американың ірі капиталы американдық соғысқұмарларымен бірге, өздерінің елінде халықтың бейбітшілікті сақтауға ұмтылған талабын және өздерінің авантюристтік саясатына қарсылықтың қандайын болса да басу үшін, фашистік тәртіптің барлық міндеттерін өз қолдарына алуда. Елді соғыс жолына айдап сала отырып, олар мұнымен бірге жанталаса қарулану және соғыс жағдайы экономикалық кризиске жол бермейді деп дәмеленеді. Бірақ бұл кризис Америка Құрама Штаттарының экономикасына тоқтаусыз төніп келеді және финанстарларларының әдіс-айдалары мен авантюраларының қандай болса да бұл кризистен сақтап қала алмайды. Жанталаса қарулануды тездетіп отырып, өздерінің бүкіл экономикасын соғыс әзірлігі мақсаттарын бейімдей отырып, олар соғыстан гөрі бейбітшіліктен көбірек қорқады, ал олар бұл соғысты бастаса, тек өздерінің күйреуін және құруын тездетіп түсетіндігіне ешқандай күмән жоқ. **(Қолшапалақтау).**

Бүкіл дүние жүзінде көптеген соғыс базаларын жасап, әртүрлі агрессиялық соғыс блоктарын тездетіп құрып, олар СССР және басқа бейбітшілік сүйгіш мемлекеттерге қарсы соғысты жанталасын әзірлеуде. Олар бүкіл дүние жүзінде адамзаттың азғын сілімтіктерінен жыйнақ алынатын шпиондары мен диверсанттарын біздің елімізге және басқа бейбітшілік сүйгіш елдерге үздіксіз жіберіп отырады. Совет адамдарының қырағылығы — жаудың барлаушыларына қарсы күрестегі ең өткір құрал, сондықтан совет халқы өзінің қырағылығын күшейтіп, өткірлей отырып, империалистік соғыс өртін тұтандырушылардың агентурасын, қаншама жіберілсе

айқын көрсету үшін кейбір мысалдар келтірейміз.

Егер соңғы екі жылдың ішінде шығарылған өнеркәсіп өнімінің мөлшерін бірінші және екінші бесжылдықтар бойына шығарылған өнеркәсіп өнімімен салыстырсақ, онда 1951 және 1952 жылдарда өнеркәсіп өнімі ол екі бесжылдықты бірге қосқандағыдан 22 процент көп шығарылғанын көреміз. **(Қолшапалақтау).** Ал бір ғана 1952 жылдың өзінде электр қуаты, қара металдар, көмір, мұнай өнімдері, цемент және көпшілік тұтынатын заттар сыяқты өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлері бірінші бесжылдықтың барлық жылдары тұсындағыдан әлдеқайда көп шығарылады.

Бүкіл халық шаруашылығындағы техникалық прогрестің негізі болып табылатын машина жасау өндірісін алатын болсақ, ол мұнан да шапшаң қарқынмен дамуда. Осы бір жылдың өзінде ғана машиналар мен жабдықтар бірінші және екінші бесжылдықты қосып есептегендегіден анағұрлым көп шығарылады.

Социалистік өндірістің өсуімен бірге бүкіл совет халқының әл-ауқаты үздіксіз, жылдан-жылға артып жақсаруда.

Экономикалық және саяси жағынан, сол сыяқты өзінің қорғанышпаздығы жағынан алғанда, Совет Одағы кәзір қай уақыттағыдан болса да күшті және қандай да болса сынға қай уақыттағыдан болса да күшті төтеп бере алады. **(Ұзақ қолшапалақтау)**

Егер жаудың бізге соғыс ашуға батылы барса, бейбітшілік пен демократия лагерін бастап отырған Совет Одағы агрессияшыл империалистік мемлекеттердің қандай тобына болса да қыйрата тойтарыс бере біледі және асқақтаған агрессорлар мен соғыс өртін тұтандырушыларды алқандап, сазаайын тартқыза біледі. **(Қолшапалақтау).**

Жолдастар! Совет халқының соғыста, сол сыяқты бейбіт шаруашылық және мәдениет құрылысында жеңістерге жетуінің шешуші шарттарының бірі партиямыздың даналық және көрегендік ұлт саясаты болды. Советтік көп ұлтты мемлекетке 60-тан астам ұлттар, ұлттық топтар және халықтар өмір сүріп еңбек етуде. Біз

отырған дүние жүзіндегі ең озат қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың болуы.

Екіншіден, жоғары дәрежеде дамыған социалистік өнеркәсіптің және ірі социалистік ауыл шаруашылығының болуы.

Үшіншіден, халықтың жалпы сауаттылығы, балалардың міндетті түрде оқытылуы, шаруашылық пен мәдениеттің барлық салалары үшін ұлттық мамандар кадрларын даярлауды қамтамасыз ететін, дамыған жоғары білім системасының болуы; ғылым мен искусствоның көркеюі.

Төртіншіден, жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысының және шаруалардың табысының өсуін қамтамасыз ету жолымен, товар айналымын күшейту, қалаларды өсіру және оларды көркейту, тұрғын үй жағдайын жақсарту жолымен бүкіл халықтың тұрмыс дәрежесінің үнемі арттырылып отырылуы; халықтың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін көптеген медициналық мекемелердің болуы.

Бесіншіден, барлық нәсілдер мен ұлттардың тең құқылылығы идеологиясының, халықтар достығы идеологиясының салтанат құруы.

Біздің советтік республикаларымызда алдыңғы қатарлы социалистік ұлттың бұл белгілері бар ма? Я, бар.

Фактілерге келейік.

Жұртқа мәлім, патша өкметі Россия халықтарының езушісі және жеңдеті болды. Орыс емес көптеген ұлттар мүлде правсыз болды. Олардың өздерінің мемлекеті болмады, оларды патшаның чиновниктері басқарды, барлық мекемелерде іс жергілікті халықтарға түсініксіз орыс тілінде жүргізілді.

Советтік құрылыс тұсында еліміздің барлық халықтары өздерінің мемлекетін құрып, дамытып. Патшалық Россияның ұлттық шет аймақтары Совет өкметі тұсында бұрынғы отарлар мен жартылай отарлардан шып мәнісіндегі дербес мемлекеттерге — өздеріне қараған жері, ұлттық автономиясы, өздерінің конституциясы, өздерінің заңдары бар советтік республикаларға айналды. Одақтас және автономиялы республикалардың, ұлт облыстарының, округтердің, аудандардың және селолардың өкмет органдарында, шаруашылық және әкімшілік басқару ор-

бес советтік республика — Өзбек, Қазақ, Қырғыз, Түркмен және Тәжік республикаларында — электр қуаты 156 миллион халқы бар Түркияны, Иранды, Пакистанды, Египетті, Иракты, Сирияны және Афғанстанды қосып есептегендегіден үш есе көп өндіріледі. **(Қолшапалақтау).** Ал егер электр қуатын өндіру жағынан бір советтік республиканы, мысалы Азербайжан республикасын Түркиямен салыстырсақ, онда халқы жеті есе дерлік аз Советтік Азербайжанда электр қуаты, американдар «көмегінің» дүзағына ілінген Түркиядағыдан төрт есе көп өндірілетінін көреміз. **(Залда қозғалыс. Күлкі).**

Біздің советтік республикаларымыз өздерінің дамуында Батыс Еуропаның ежелгі өнеркәсіпті елдерін де әлдеқайда басып озды.

Мысалы, бір советтік республиканы — Украинаны Еуропаның екі үлкен буржуазиялық елдері — Франция және Италиямен салыстырайық. Әрине, бұл ретте бәрін бірдей салыстыра беруге болмайды. Украин СССР-інде қанаушы таптардың көптен жойылғандығы, заводтар, фабрикалар, жер және еңбектің барлық өнімдері халықтың дәулеті болып отырғандығы, жұмыссыздықтың біржолата жойылғандығы, бүкіл өкмет билігі түгелінен халықтың қолында болып отырғандығы мәлім. Бұл жағынан алғанда, өкмет билігі капиталистердің қолында болып отырған Францияны да, Италияны да Советтік Украина мұнан 30 жылдан артық уақыт бұрын әлдеқайда басып озды. **(Залда қозғалыс).** Сондықтан бұл елдердің экономикасы туралы кейбір аса маңызды мәліметтерді ғана салыстырамыз.

Өзінің өмір сүруінің өткен уақыты ішінде шетелдік басқыншылардың шабуылынан кейін қыйраған, өртелеген қалпынан екі дүркін қайта көтерілуіне тұра келген Советтік Украинада кәзір шойын Франция мен Италияны бірге қосып есептегендегіден әлдеқайда көп құйылады. **(Қолшапалақтау),** болат пен прокат Франциядағыдан көп және Италиядағыдан үш еседен аса көп беріледі; көмір Франция мен Италияны қосып есептегендегіден бір жарым есе көп шығарылады, тракторлар қуаты жағынан, Франция мен Италияны қосып есептегендегіден үш есе дерлік көп жасалады; астық, картоп,

15 аттың күшімен трактор, 23 мың қым себетін, мақта жыйнайтын машиналар, басқа ауылшаруалардың жұмыс істейтін техникамен Шығыстағы Еуропаның негүрлілістік елдерінен отыр. **(Қолшапалақтау).**

Басқасын айтпалығының тракторлуын мысалға алу бекстанда әрбір трактордан келеді мың гектар егі кем 7 трактордан келеді. Шығыстылардың тіпті аз қажеті де жоқ. Егеріске бір трактор 9 мың гектар егі гектар, Иранда 1 трактордан келеді.

Социалистік мұншама көп машиналардың өндірісі, ал кәзіргі ағ суаруды кеңінен неі мол өнім ал

Шығыстағы еркендеген көплығындағы негідәрінің бірі — 1951 жылы бұл мақтаның шығы гектарына 21 п

Совет мақташ мұндай шығымд мақта өндіретін Сол 1951 жылы ғымдылығы гек келді. АҚШ-та 1 таңда 5,2, Түрк центнерден болд

Шығыстағы мақтадан мұндай жерден алынған Египет, Иран, Т барлығын қосқасе, жсағарыда а калардың сонша **(Қолшапалақтау).**

Коммунист (большевиктер) партиясының XIX съезі

БК(б)П Орталық Тексеру Комиссиясының есепті баяндамалары бойынша жарыссөз

дастың сөзінің соңы

ақ ұлтшылдық-осмополитизмнің қандауын қам-

басшылығымен рдың қайраты мәнісінде жаңа-көрмеген дәре-еткендігі (қол-штерін мыз-достықпен бірік-—Отанымыздың коммунизмің партиямыздың ұлы еңбегі бо-шапалақтау).

еттік мемлекет-тік ұлттарды быстардың ора-ызы бар. құмышы табы қанаушылық-е жұмыссыз-луының ұл-аң жолы деп

дің халықтары үшіліктен және бостандық пен аттар арасын-нділіктен құт-ағы туысқан-аштық пен

ауқатты тұр-здық пен мә-и құтқарып, әне искусство-и жол деп та-

талин жолдас-империализмнің екеттерінің сан

бітішілікті қамтамасыз етуге, экономика-лық және әлеуметтік системаларының кандай болуына қарамастан, жер шары-ның барлық елдеріндегі миллиондаған адамдардың тұрмысын жақсарту мақса-тымен, барлық елдер арасында экономика-лық және мәдени байланысты қалпына келтіріп, жаппай күшейтуге ұмытылуы-на негізделген.

Империализм лагеріндегі барлық ұлт-тар мен мемлекеттер арасындағы қаты-настың өзіне тән ерекшелігі —американ капитализмнің құлқыншылықпен дүние-жүзілік үстемдікке ұмтылатындығы. Дү-ние жүзінің барлық бөлектеріне торын құрған американ империализмі, қанағат-сыз бүйідей, көптеген халықтар мен мемлекеттердің қаны мен сөлін соруда, оларды кіріптарлыққа түсіру үшін қап-дай құралды болса да талғамай қолдану-да, Американдардың «көмегі» деп атала-тын әдіс-айламен кіріптарлыққа түсіру—оның неғұрлым көп қолданатын әдісі. Американдардың «көмегін» алған ел көп ұзамай өзінің еріктілік праволары мен тәуелсіздігінен айрылып, оның итаршысы халіне ұшыратылады. Мұндай елдің ең мықтағандағы есебі тіпті де тең праволы бола алмайтын партнердің жағдайында болу.

Бір кезде «теңіздердің қожайыны», «дүниежүзінің мастерскойы» атанған Ве-ликобритания кәзіргі уақытта Америка Құрама Штаттарының осындай тең пра-воны емес партнері болып отыр. Амери-кан империализмі Англияны күн санап және барған сайын шикізат қорларынан, сінімді өткізу рыноктерінен ығыстырып, оны Европа мен Азияның елдерінен бар-лық күш-құралмен айдап шығуда, оның позицияларын бір-бірілеп тартып алуда. Мұның өзі тіпті сондай сорақылыққа

са, Англияның өнеркәсіп өндірісін мұн-дай дәрежеде ұлғайтуына 162 жыл уа-қыт (1793 жылдан 1951 жылға дейін) керек болды, ал Франция соңғы 90 жыл-дың ішінде өзінің өнеркәсіп өндірісін не-бәрі 5,5 есе арттырды. Америка Құрама Штаттарын алатын болсақ, ол соңғы 35 жылдың ішінде өнеркәсіп өндірісін небәрі 2,6 есе ұлғайтты.

Социалистік мемлекет өзінің табыста-рына тарихи қысқа мерзімде жетті, өйт-кені советтік құрылыс ССРО-ның эконо-микасы мен мәдениетін шашпаң өркен-детуге бұрын болып көрмеген мүмкінші-ліктер туғызды, өйткені халқымыздың социализм орнату жолындағы күресіне, істі қалай қарай бастауды білетін және қыйыншылықтардан қорықпайтын комму-нистік партия басшылық етті. (Ұзақ қолшапалақтау).

Біздің елімізде социализмнің жеңісіне жету жолы оңай болған жоқ. Бұл жолда ішкі және сыртқы қыйыншылықтар мен кедергілер аз болған жоқ, бірақ біздің партиямыз әрдайым әзір тұрып, бұл қы-йыншылықтар мен кедергілерді ойдағыдай жеңіп отырды. Кәзіргі уақытта, біздің ал-дымызға коммунистік құрылыстың зор және күрделі міндеттері қойылып отыр-ған кезде, біздің партиямыз, Совет мем-лекетін басқарушы партия ретінде, қы-йыншылықтарды алдын-ала болжап, ха-лықты бұл қыйыншылықтарды жеңуге бастау үшін сайма-сай қаруымен әзір тұру-ға міндетті. Ленин мен Сталин ұйымдастыр-ған және тәрбиелеп өсірген біздің партия-мыз келешекте де әрдайым өзінің ұлы міндеттеріне сай болатындығына біз сен-міз. (Қолшапалақтау).

Ұлы Ленинмен бірге Сталин жолдас біздің партиямызды ұйымдастырып ны-ғайтты, 1917 жылғы октябрьде Россия-

ШАЯХМЕТОВ жолдастың сөзі

(Қазақ ССР-і)

Жолдастар! Қазақстан партия ұйымы және республиканың барлық еңбекшілері БК(б)П Орталық Комитетінің партияның XIX съезін шақыру туралы қаулысын зор жігермен қарсы алды. Республика ең-бекшілерінің саяси және еңбек өрлеуі за-водтардың, фабрикалардың, шахталар мен кәсіпшілік кәсіпорындарының, транспорт пен құрылыстардың, колхоздардың, маши-на-трактор станциялары мен совхоздар-дың мемлекеттік жоспарларын мерзімінен бұрын орындағанынан айқын көрінді.

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өр-кендетудің 1951—1955 жылдарға арнал-ған бесінші бесжылдық жоспары жөнінде-гі директиваларының жобасы мен партия-ның өзгертілген Уставының жобасы От-анымызды бұдан былай да көркейте беру-дің аса зор болашағын көрсетіп берді, пар-тия саясатын жүзеге асыру жолындағы күресте партия қатарының жауынгерлік қабілетін, коммунистердің белсенділігін онан сайын арттыра түсті.

Партияның XVIII съезі мен XIX съезі-нің арасындағы дәуір, Маленков жолдас-тың баяндамасында өте айқын көрсетіл-гендей, партиямыздың социалистік құры-лыстың барлық учасоктеріндегі жаңа бү-кіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерінің дәуірі болды. Мұның өзі Қазақстанның өмірінен де айқын көрініп отыр. Совет өкметі тұсында, әсіресе сталиндік бесжыл-дықтар тұсында, бүкіл еліміз сыяқты, Қазақстан өнеркәсіпті, ауыл шаруашылы-ғын онан әрі өркендетіп, еңбекшілердің әл-ауқатын арттырып, мәдениет пен ғы-лымды көркейте түсті.

Совет халқының бейбіт еңбегін гитлер-

лығын өркендетудің, малдың өнімін арт-тырудың мемлекеттік жоспарларын орын-дау, барлық басқа мәселелерді былай қой-ғанда, ең алдымен тұрақты жемшөп база-сына байланысты. Дегенмен жемшөп ба-засы бізде қоғамдық мал басын өсірудің қарқынынан мейлінше кейін қалып келе-ді. Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде республика колхоздарында малдың барлық түлігінің саны 231,2 процент артқан болса, жемшөп дайындау тек 14,5 про-цент қана артты.

Республиканың шөп және шөлейт жер-лерінде маусымды жайылымдардың өте көп болуы Қазақстанда өлшеусіз мол жем-шөп ресурстары бар екен деген ұғым ту-ғызады. Дегенмен бізде тұрақты жемшөп базасы өте мардымсыз. Әсіресе ірі мал ша-руашылықты аудандардың колхоздарында малды жемшөппен қамтамасыз етудің жағ-дайы жақсы емес, бұл жерлерде жеткілік-ті жауын-шашын болмағандықтан, жем-шөптің сақтық қорын жасаудың өзі де зор қыйыншылықтар туғызады.

Тұрақты жемшөп базасын жасау ісінде шөп егісі шешуші роль атқаруға тиісті. Алайда осы өте маңызды мәселеде ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі теріс позиция ұстап отыр. Мысалы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің ұшжыл-дық жоспарында біздің республикаға 1951 жылы 550 мың гектар көпжылдық шөп егу тапсырмасы белгіленген еді, ал ми-нистрлік 360 мың гектар ғана белгітті. Бесінші бесжылдық жоспардың жобасын-да республикадағы көпжылдық шөптердің шабындық көлемін бесжылдықтың аяғын-да 2.250 мың гектарға жеткізу белгілен-ген, ал ССРО Ауыл шаруашылығы ми-нистрлігі 1.100 мың гектар белгіледі.

күмәнсіз. Бұрын капиталистік даму сатысынан өтпеген халықтарды алатын болсақ, орыс жұмысшы табы ұзақ уақыт бойына үнемі көмектеспеген жерде, олар шаруашылықтың капитализмге дейінгі формаларынан социализмге өте алмаған болар еді.

Сталин жолдастың айтқанындай, орыс халқына тән айқын ойлылық, ұстамды мінез және төзімділік Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше күшпен көрінді. Орыс халқы өзінің қаһармандығымен, батырлығымен және ерлігімен бұл соғыста жалпы жұртқа еліміздің барлық халықтары ішінде Совет Одағының жетекші күші деп танылды. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Еліміздің барлық халықтары орыс халқынан үлгі ала отырып, онымен бірге қол ұстасып, жауға қарсы жанқиярлықпен соғысты, орыс халқымен бірге олар ытырлық Германия мен империалистік Жапонияны талқандап, біздің жеңісіміздің жасаушысы болды. Халықтардың сталиндік достығы негізінде құрылған советтік социалистік көп ұлтты мемлекеттің аса қуатты және алып күші бар екенін еліміздің халықтары бүкіл дүние жүзіне көрсетті.

Еліміздің халықтарының достығы олардың өмір мүдделерінің бірлігіне негізделген. Совет Одағының халықтарын олардың өздерінің Совет өкметі жағдайында қол жеткен бостандығын, тәуелсіздігін және бақытты тұрмысын қандай да болса барлық жаулардан қорғап қалуға ұмтылған талабы мен батылдығы біріктіреді, коммунистік қоғам орнату жолындағы ортақ күресі біріктіреді. Мызғымас берік сталиндік достықпен біртұтас советтік мемлекет — республикалар одағына бірігіп отырғанда өздерінің жеңілмейтінін және коммунизмді ойдағыдай орнатып, өздерінің күреспен жеңіп алған табыстарын қандай хауіптен болса да қорғай алатынын еліміздің халықтары жақсы біледі.

Партиямыз және Сталин жолдас советтік ұлт саясатын дұрыс жүзеге асыруға үнемі қамқорлық көрсетіп отырады. Ленинизмнің жауларына қарсы күресте партия лениндік- сталиндік ұлт саясатын сақтап қалды және ұлы державалық

есе отар елдің қандай азаматы болса да, совет еліне келіп, бізде адамдардың елді қалай басқарып отырғанын көрсе-ақ, қара және ақ нәсілді адамдар, орыстар мен орыс еместер, әртүрлі түстегі адамдар және әртүрлі халықтардың адамдары біріксіп, ұлы елді басқару ісін бірігіп тартатынын көрсе-ақ, оның халықтардың туысқандығын бос сөз емес, іске айналдырған бірден-бір ел екендігіне көзі жетеді. Бізде Советтік Социалистік Республикалар Одағы сыяқты насихат фактісі болып отырғанда, бізге ешқандай баспа немесе ауызекі насихаттың қажеті жоқ». **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Халықтық демократия елдері өздерінде жаңа тұрмыс орната отырып, советтік көп ұлттық мемлекетті орнатудың және оны нығайтудың мол тәжірибесін пайдалануда.

Демократиялық мемлекеттер арасында қарым-қатынастың адамзат тарихында әлі болып көрмеген жаңа түрі орнап қалыптасты. Бұл қарым-қатынастың басты ерекшелігі мынада. Бұл қарым-қатынас: халықтарға өктемдік жүргізетін және оларды кіріктарлыққа түсіретін империалистік саясаттан өзгеше, үлкенді-кішілі барлық халықтардың толық және шын мәнісіндегі тең праволылығына, әрбір мемлекеттің барлық ерікті елдік праволарын және тәуелсіздігін сақтауға, басқа мемлекеттердің істеріне араласпауға негізделген;

империалистік мемлекеттер жүргізетін астыртын келісімдер, жанжалдар жасау, ашық немесе астыртын дұшпандық істеу саясатынан өзгеше, ұлттық мүдделерді өзара құрметтеуге, халықтар арасындағы сенімге және достыққа негізделген;

империализм лагерін жайлаған, қатаал бәсекелік күрестен өзгеше, әрбір елдің ұлттық мүдделеріне толық сәйкес, шаруашылықты өркендетуге неғұрлым қолайлы жағдай туғызылуын қамтамасыз ететін экономикалық тығыз ынтымаққа және өзара көмекке негізделген;

Экономиканы милитарландырды, дүниежүзілік жаңа соғыс әзірлігін жасауды және бұл соғысты бастауды, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесіне шабуыл жасауды көздейтін империалистік саясаттан өзгеше, демократиялық мемлекеттердің бей-

қия тарапынан қай жерде хауіп тұрған жердің бөріне оны сақтау үшін күресіп, американ империализмі дүниежүзілік реакцияның тірегіне және қамалына айналып отыр. Ол өзінің әскерлерін бостандық сүйгіш халықтардың жандармдары мен тұншықтырушыларының дәрежесіне түсіріп, герман фашизмінің ізімен лағуда. АҚШ-қа тәуелді болған елдердің халықтары американдардың өз тұрмыс-шаруашылығына қарсылық көрсету үшін, шақырусыз келген мырзаларды өз елінен қуып шығу үшін жалпы ұлттық көлемде ұйымдасуда, өздерінің ұлттық намысы мен ызыалы өшпенділігін көрсетуде, бұл — өте табиғи нәрсе.

Билеушілер қайдағы бір жоқ сыртқы хауіп туралы ойды күн сайын құлағына күйіп отырған американ халқы бұл насихаттың мүлде қыйысыздығын түсіне бастады. Үнемі көбейіп отырған соғыс шығындарының ауыртпалық әсерінен американ халқы Құрама Штаттардың билеп-тестеуші топтарының кәзіргі саясатына өзінің наразылығын барған сайын көп білдіруде.

Жолдастар! Партиямыздың XIX съезге әкелген негізгі қорытындысы — Совет Одағының қуаты мен халықаралық беделінің бұған дейін болып көрмеген дәрежеде мықтап өскендігі. Біз бұған елімізді аграрлық елден алдыңғы қатарлы өнеркәсіпті мемлекетке айналдырған индустриаландыру саясатын жүргізу жолымен, ауыл шаруашылығымызды ірі, механикаландырылған дүние жүзіндегі ең озат шаруашылыққа айналдырған коллективтендіру саясаты жолымен, ССРО халықтарының мызғымас бірлігі мен достығын қамтамасыз еткен лениндік- сталиндік ұлт саясатын дөйектілікпен жүргізу жолымен, халықтар арасындағы бейбітшілікті сақтауды көздейтін сталиндік сыртқы саясатты бұлжытпай жүргізу жолымен жеттік.

Еліміздің халықтарының әл-ауқаты мен мәдениеті жоғары дәрежеге көтерілді.

Капиталистік елдерде жүздеген жылдарды керек қылатын өнеркәсіп прогресіне біздің еліміз Совет өкметінің өткен 35 жылы ішінде жеткенін тарих көрсетіп отыр. Егер ССРО Совет өкметі тұсында өзінің өнеркәсіп өндірісін 39 есе ұлғайт

тындық өмірге айналды. Совет халқы социализм орнатты, енді біздің еліміз социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дәуіріне кірісіп отыр.

Бұл жағдайда партиямыздың алдына маркстік-лениндік теорияның жаңа мәселелері қойылды. Социализмнен коммунизмге өтуді жүзеге асыру үшін, алдынала қандай жағдайлар жасау қажет? Бұл үшін не істеу керек? Бұл маңызды тарихи дәуірдің негізгі заңдылықтары қандай? Біз советтік қоғамымыздың ең қажетті, өмірлік маңызы бар мәселелеріне Сталин жолдастың соншама анық және айқын жауаптар, партия мен совет халқының алдағы жолын нұрландырған жауаптар қайтарғанын көріп отырмыз.

Сталин жолдастың социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің шарттары мен жолдары туралы нұсқауларын біздің съезіміз және бүкіл партиямыз өзінің коммунизм орнату жолындағы күресінің программасы деп танып қабылдайтындығы күмәнсіз. **(Ұзақ ду қолшапалақтау).**

Бұл сталиндік программаны партиямыз бен бүкіл совет халқы асқан зор жігермен қарсы алды. Бұл программа совет адамдарының ізгі мақсатын қанағаттандырып, оларды Ленин мен Сталиннің ұлы идеяларының салтанат құруы жолындағы жаңа ерлік істерге жұмылдырады. **(Қолшапалақтау).**

Коммунизмге баратын жолда біздің жеңімпаздықпен алға басуымыз барлық елдердің жұмысшы табы мен еңбекшілерінің бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы революциялық күресінде оларға дем берудің сарқылмас қайнар көзі болып табылады.

XIX съезд өткізіліп жатқан кәзіргі тарихи күндерде, өзінің бірлігімен күшті совет халқы туысқан коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасып, өз Отанының даңқы үшін еңбек майданында жаңа ерлік істер істеуге әзір тұр. **(Қолшапалақтау).**

Марксизм-ленинизм теориясымен қаруланған Коммунистік партия Сталин жолдастың басшылығымен елімізді түпкі мақсатқа — коммунизмге жеткізетіндігіне еліміздің халықтарының сенуіне болады. **(Тынбай ұзаққа созылған ду қолшапалақтау. Бөрі орындарынан тұрды).**

жылы республикаларын бітіргеннен 3,7 есе, дарында — 2 есе мекемелерінің ылым докторлар ылым кандидат

Қазақстанда каларының бірістерге көз ақын социалистістерге аттан ұлы партия митеті үшін (ныш сезімі би мыздың ленинның дұрыстығын үсті- үсті

Партиямыз табыстарға ма жайбарақаттан дас бізге осы

Қазақстан ышылығын, әс дамытуда, өткген аса зор ышіліктер, өлк қын түсінеді. дамасында па лық ұйымдар айтылған сын деп есептеймі айтқан кемші республика па да да бар.

БК(б)П Ор партия ұйымы дөт — таяуда ауыл шаруашы өнімді 2—ды, мұның ө бесінші бесжырының жобас бүтіндей жән айбынды мін шараларды қ

Осымен ба ауыл шаруашылығын өрлеріне тоқта

ист (большевиктер) XIX съезі

БК(б)П Орталық Тексеру
шалары бойынша жарыссөз

астың сөзінің соңы

мамандықтағы
дайындау мен
та қарау керек,
олар құрамының
үрделі ауылшар-
өндіру мен шы-
р.

ылығының бар-
і және толық
ашина- малшар-
беру керек, бұ-
ігын өркендету-
ешетін орталық-

лмы колхоз бас-
нығайту жо-
геді. Кәзіргі кез
астауыш партия
рының бәрінде
ия ұйымдары
оздардың бас
да орта есеппар-
тия ұйымда-
30 және одан
Мұның өзі егіс
пта, мал фер-
ндірісінің баска-
тарын құруға
оптары колхоз-
лық жағынан
те колхоз бас-
ның таянышы
иканың 157
ұйымдарында
лған секретарь
д әзірлігі мол,
бесі бар ком-
Осының нәти-

Жолдастар! Орталық партия Комитеті
идеология саласында, ең алдымен, тарих
ғылымының саласында, Кеңесары Қасы-
мов қозғалысын бағалау жөнінде, Қазақ-
стан партия ұйымының ірі кемшіліктері
мен қателіктерін ашты. Жіберілген қате-
ліктер үшін кінә мен жауапкершілікті
біздің біреуге аударғымыз келмейді, алай-
да мынаны айта кету керек. ССРО Ғы-
лым академиясының Тарих институты
біздің бұл мәселелерді дұрыс шешуімізге
көмектеспеді, қайта, біздің қателіктері-
мізді асқындырып жіберді. Кеңесары Ка-
сымовтың қозғалысын, басынан аяғына
дейін реакциялық-монархиялық бола-
тұрса да, ресми түрде ұлттық-азаттық
қозғалыс деп тапты.

Сталин жолдастың «Марксизм және
тіл білімі мәселелері» деген данышпаздық
еңбегін және БК(б)П Орталық Комитеті
нің идеология мәселелері жөніндегі тари-
хи қаулыларын барлық партия ұйымда-
ры мен ғылыми-зерттеу мекемелері жұ-
мысының негізіне ала отырып, Қазақ
республикасының партия ұйымы жіберіл-
ген қателіктерді түзету жөнінде үлкен
жұмыстар жүргізуде.

1952 жылы әдебиет зерттеудің, тіл бі-
лімінің аса маңызды мәселелері жөнінде,
революцияға дейінгі Қазақстанда болған
ұлттық қозғалыстардың сыйпаты жөнінде
бірқатар дискуссиялар мен конференция-
лар өткізілді. Мұның өзі тарихтың, тіл
мен әдебиеттің көптеген күрделі мәселе-
лерін дұрыс қоюмызға және ғылыми тұр-
ғыдан талдауға, оларды маркстік-ленин-
дік тұрғыдан дұрыс түсіндіруімізге кө-
мектесті. Біз бұдан былай да ұлтшыл-

Халықтық демократия елдерінде

Монгол-қытай достығының
нығаюы

УЛАН-БАТОР, 10 октябрь. (СОТА). Бү-
гін Улан-Баторда Монгол-қытай досты-
ғының он күндігінің аяқталуына арналған
қоғам ұйымдары өкілдерінің жыйналысы
болды. Жыйналысқа қатысушылар ду қол-
шапалақтау үстінде құрметті президиумге
бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы кө-
семі Н. В. Сталинді, қытай халқының кө-
семі Мао Цзе -дұнды, Монгол Халық Рес-
публикасының премьер-министрі Цеден-
балды сайлады.

Онкүндіктің қорытындысы туралы
премьер-министрдің орынбасары Шараб
баяндама жасады. Ол монгол және қытай
халықтарының арасындағы достықтың
мызғымайтындығын атап көрсетті. Монгол
Халық Республикасында Қытай кино-
фильмдерінің фестивалі өткізіліп, оған 60
мыңнан астам адам қатысты. Он мыңда-
ған жұмысшылар мен араттар, интелли-
генция өкілдері Қытай өнеркәсібінің көр-
месіне және фотокөрмесіне қатысып, Қы-
тай артистері қойған концерттерде болды.
Ұлы қытай халқымен достыққа және бір-
лестікке арналған барлық жерлерде ең-
бекшілердің жыйналысы болып өтті.

Польша еңбекшілері
БК(б)П XIX съезіне үлкен
назар аударуда

ВАРШАВА, 10 октябрь. (СОТА) Поляк
жұртшылығы Ленин—Сталин партиясы-
ның тарихи съезіне орасан зор назар ауда-
руда. Радио мен газеттер күн сайын еңбек-
шілерді съездің материалдарымен кеңінен
таныстыруда. Барлық поляк газеттері бү-
гін М. З. Сабуrow жолдастың «ССРО -ны
өркендетудің 1951—1955 жылдарға ар-
налған бесінші бесжылдық жоспары бо-
йынша партияның XIX съезінің директи-
валары» деген баяндамасының мазмұнын
толық жариялады және съезд делегатта-
рының сөздерінен үзінділер келтірді.

Азия және Тынық мұхит елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресінде

ПЕКИН, 10 октябрь. (СОТА). Бүгінгі
таңертеңгі мәжіліс Чилидің өкілі Ольга
Поблете және Қытайдың делегаты Го Мо-
жонның председательлік етуімен өтті.

Бірінші сөз Лаос делегациясының бас-
шысы Тао Нухак Фомсаванга берілді. Ол
өзінің сөзінде француз отаршылары және
оларды билеушілер америка империалист-
тері Лаос, Камбоджи және Вьетнамның
бостандық сүйгіш халықтарына қарсы
басқыншылық соғыс жүргізіп отырғанына
7 жыл болғандығын атап көрсетті. Лаос
халқы өзінің адал ісі үшін күресіп отыр-
ғандығын біледі, сондықтан оның жеңіс-
ке сенімі зор.

Мінбеде совет делегациясының мүшесі
Мирзо Турсун-Заде. Оны Конгрестің де-
легаттары жылы жүзбен қарсы алды. Де-
легаттардың жиі-жиі қолшапалақтаула-
рымен үзіліп отырған өзінің жалынды
сөзінде Турсун-Заде Совет Одағы халық-
тарының біртұтас туысқандық семьясын-
дағы тәжік халқының бақытты өмірін
мысалға ала келіп, егер халықтың күші
бейбітшілік ісіне бағытталған болса, қан-
дай ірі істерге халықтың қолының же-
тетіндігін көрсетті. Көп заманнан бері,—
деді Турсун-Заде, Азия және Тынық
мұхит елдерінің халықтары бастары қо-
сылмай, өтірік және алдаумен шырматы-
лып келді. Алайда, ахықатты жасыруға
болмайды, шындық осы елдердің барлық
түкпірлеріне өзінің сәулесін шашты. Азия
және Тынық мұхит елдерінің халықтары
өздерінің бостандықтарын қорғау ісіне
топталып өздерінің тілегінше өмір жаса-
уына бөгет болатындарға мұнан былай
ерік бермейді. Совет делегациясы, дейді
онан әрі Турсун-Заде, Конгресте Го Мо-
жонның бейбітшілікті қорғау жөніндегі
ұсыныстарын қызу қолдайды. Турсун-
Заденің «Бейбітшілікті—адамзаттың біз
бірінші заңы деп жариялаймыз. Азия жө-
не Тынық мұхит халықтарының достығы
жасасын! Халықтар арасындағы достық
жасасын! Бүкіл дүние жүзінде бейбітші-

риализмінің тағылық саясаты туралы
айтты.

Бейбітшілік үшін күресіп отырған ха-
лықтармен бірге, күреске қатыса отырып,
біздің халқымыз, деп мәлімдеді Панама
делегаты, кәзіргі уақытта америка бас-
қыншыларының қанды шеңгеліне ілігіп
отырған Панама каналы бейбітшілік сүй-
гіш халықтармен достық қарым-қатнас
жасаудың бір ауданы болуға жетіседі.

Бейбітшілікті жақтаушылардың міндегі,
деп мәлімдеді Мексика делегаты Луис Ри-
вера Террасса, бейбітшілік үшін күресте
барлық күштерді біріктіріп, бейбітшілік
күштерінің соғыс күшін жеңуін қамтама-
сыз ету болып табылады.

Индонезия делегациясының басшысы
Сурото өзінің сөйлеген сөзінде елдің ішкі
істеріне АҚШ-тың қол сұққандығының
салдарынан Индонезияның экономикалық
жағдайының барған сайын нашарлап отыр-
ғандығын атап көрсетті. Американы импе-
риализмі Индонезияны өзінің басқыншы-
лық базасына айналдыруға әрекеттеніп
отыр. Бірақ, деді онан әрі Сурото, Индо-
незия халқы мұны болдыртпайды. Ол
американы империалистеріне қарсы күрес-
ке көтеріліп, бейбітшілік сүйгіш басқа
халықтардың қолдауымен басқыншылар-
ды өзінің туған жерінен қуып шыға ала-
ды.

Индия делегаты Раияшанкар Шиварам
Вьяс Махар бейбітшілік үшін бұрынғыдан
да күшті топталып күресуге шақырып
сөз сөйлегеннен кейін мәжілісте Индия
және Пакістан делегацияларының бірік-
кен мәлімдемесі оқылды. Мәлімдемеле
Азиядағы бейбітшілікке хауіп төндіріп,
империалистік мемлекеттердің Индия мен
Пакістанның ішкі істеріне қол сұғуына
мүмкіншілік беретін Индия мен Пакістан-
ның арасындағы барлық алауыздықтар
бейбітшілік жолымен шешіледі және ше-
шілуге тиіс екендігі аталып көрсетілді.

Индия мен Пакістанның делегациялары

төлемдерін аброймен орындап шықты. Мұнда коммунистер өндіріс озаттары болып, басқаларға үлгі көрсетуде. Мәселен коммунист Ипатов жолдас радиоландыру жоспарының орындалуын, Степанова жолдас баспасөздің неғұрлым көп таратылуын қамтамасыз етті.

Өткен жылы жоспарды асыра орындағаны үшін аудандық байланыс мекемесі облыстық байланыс мекемесінің ауыспалы Қызыл туына ие болғанды. Байланысшылар үстіміздегі жылдың 9 айлық жоспарын да жұмыстың барлық түрі бойынша ойдағыдай орындады.

Маленков жолдасының XIX съезде жасаған баяндамасын талқылағаннан соң байланысшылар жылдық жоспарды 15 октябрьге орындап шығу үшін көтеріңкі міндеттеме алды.

Бірінші орынға ие болды

БК(б)П-ның XIX съезі құрметіне Приешім ауданында өткізілген спорт жарысына 10 колхоздың спорт коллективі қатысты. Ат шабыста финишке бірінші болып келіп, Киров атындағы колхоздың жүйрік аты бірінші орынға ие болды.

Мотоцикшілер жарысында Евдокия Роберт жеңім шықты.

Граната лақтыру жарысында гранатаны 49,5 метр алыстыққа лақтырып, Л. Порошков өзінің спорттық шеберлігін көрсетті.

Оқушылардың көмегі

Жуырда жемсепі күні қаладағы Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебінің жоғарғы класс оқушылары Петропавл ауданындағы Киров атындағы колхозға көмекке барды. Жексенбілікке 46 оқушы қатысты. Оқушылар екі звеноға бөлініп, жұмысқа ұйымшылдықпен кірісті. Олар 15 гектар жердің картобын қазып, жыйнады.

Б. МАҒАЗОВ.

ғы өнімдерін дайындау қарқыны да бәсеңдеп кетті. Мәселен, өткен жылы осы уақытта әрбір сауын сыйырдан 933 литр сүт алынса, быйыл 9 ай ішінде әрбір сауын сыйырдан небары 729 литр ғана сүт алынды. Мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру, әсіресе «Коминтерн», «Страна Советов», «Победа» және Калинин атындағы колхоздарда мүлдем қанағаттанғысыз.

Өткен жылы көптеген колхоздарда мал азығы және қоралар жеткіліксіз болды. Мал қыстан төмен күймен шықты, төл алу нашар өткізді. Алайда, аудан колхоздары мұндай кемшіліктерден тиісті қорытынды шығармай, алдағы мал қыстатуға жеткіліксіз әзірлік жүргізіп отыр. 1 октябрьге дейін аудан колхоздары жемішпен дайындау жоспарын небары 47,2 процент, шөп сүрлеу жоспарын 23,6 процент ғана орындаса, Буденный атындағы, Сталин атындағы және «Коминтерн» сыяқты колхоздар бірде-бір центнер шөп сүрлеген жоқ.

«Коминтерн» колхозының басшылары қоғамдық малдың қамын мүлдем ойламай жемішпен дайындау, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын аяқсыз қалдырып келеді. Мұнда жемішпен дайындау бүтін көп бұрын тоқтап қалған. Колхоздағы 20 ат шөп машинасының бірде-бірі шөп шабуға қосылмаған, олардың барлығы дерлік іске қосуға жарамсыз. Колхоз председатели Щербина жолдас бұл машиналарды жұмысқа жарамайды деп істей шығарған. Ол шөп шабу жөнінде барлық сенімді МТС-ке артып отыр.

Егін орағы бітіп, жұмыс бірыңғайланса да, ауданда шөп шабу ойдағыдай жүргізілмей келеді. Жемішпен дайындау қарқыны күшейдің орнына бескүндіктен - бескүндікке бәсеңдетіліп барады. Ол олма, дайындалған мал азығын сақтаудың өзі ойдағыдай емес. Буденный атындағы колхозда дайындалған шөп пен сабан ысырапқа ұшырауда. Ал, Сталин атындағы колхоздың председатели Айсановтың рұқсаты бойынша аудан орталы-

мал азығы қорларын жеке адамдарға үлестіріп, қылмысты іске жол беріп отырғанына таңымыз бар.

Көптеген колхоздарда мал қораларын қысқа әзірлеу мүлдем қанағаттанғысыз. Ауданда 2400 мал сыятын қоралар салуға тиіс болса, осы күнге дейін 1540 малдық орын ғана салынды және салынуда. Қойға, шошқаға және құсқа қорлар қажетінше әзірленбей отыр. Бұрынғы мал қораларын жөндеу мүлдем нашар. Олардың көпшілігі жөндеуден өткен жоқ.

Бөздердің суы сарқылғандықтан бірқатар мал фермаларында маңды суғару кәзірдің өзінде күшке, түсіп отыр. Қысқы күні жағдайдың бұдан да жаман қыйындайтын түрі бар. Алайда, колхоз басшылары қыстаулар жанынан шыңырау құдық қазу, ескі құдықтарды жөндеп, қысқа әзірлеу жұмыстарын мүлдем кенже қалдырып қойды.

Фермаларда еңбек ұйымдастыру, мал өсірушілерді тұрақтандыру, іріктеп алу жайы да ойдағыдай емес. Осының салдарынан бірқатар фермаларда мал өсірушілер жеткіліксіз, мал күтімі нашар. «Красное знамя» колхозында екі табын қозылы қойлар бір-ақ табында жайылып бағылды. Оның себебі—кой бағуға небары екі-ақ адам бөлінген. Сондықтан екі шоған мен қойды табын-табынға бөліп бағуға ешбір мүмкіншілік жоқ. Мал өсірушілердің жеткіліксіздігі, олардың тұрақтандырылмағандығы басқа колхоздарда да бар. Бұл жағдай мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру ісіне үлкен нұқсан келтіруде.

Мал қыстатудың басталуына санаулы ғана күндер қалды. Аудан және колхоз басшылары қалған уақыт ішінде қоғамдық малды жемішпен, сумен, мал қораларымен жеткілікті қамтамасыз етуге міндетті. Мал қыстатуға аудандық ауылшаруашылық бөлімі мен колхоз басқармалары жете назар аударып, оны мейлінше үлгілі ұйымдастыруға тиіс. Сөйтіп, мал шаруашылығында жаңа табыстарға жетейік.

В. ГМЫЗИН,

СОФИЯ, 10 октябрь. (СОТА). Болгар халқы БК(б)П XIX съезінің жұмысына орасан зор назар аударуда. Газеттер осы тарихи оқыйға арналған еңбекшілердің көптеген тілектері мен пікірлерін жариялауда. Сол сыяқты, Ленин—Сталин партиясының XIX съезінің құрметіндегі жарыста қол жеткен табыстар туралы фабрикалар мен заводтардан, шахталар мен жаңа құрылыстардан еңбек жеңістері туралы хабарлар жариялауда.

—БК(б)П съезінің тарихи мәжілістеріне мен зор құштарлықпен көңіл бөліп отырамын, —деп жазады «Земеделско Знамя» газетінде Димитров сыйлығының лауреаты шахтер Алексей Стоилков. —Маленков жолдасының баяндамасы коммунизмнің толық жеңуіне жол көрсететін жауынгерлік программа болып табылады.

Свиштов МТС-нің тракторшысы, Социалистік Еңбек Ері Иван Горанов «Отечествен фронт» газетіне былай деп жазады:

—Біз кәзір бұл күндерде өзіміздің басымыздан үлкен еңбек өрлеуін өткеріп жатырмыз. БК(б)П-ның тарихи XIX съезі біздің жігерімізге жігер қосып, сенімімізді арттыруда. Біз бейбітшілік, демократия және социализм үшін бұрынғыдан да күшті қарқынмен жұмыс істейтін боламыз.

министрлігінің а талдап қойып, п сайлау алдындағы ойырындағы соғысты д етуге, содан кей ралы мәселе жө н талап етуге шақ қ «Бейбітшілік ғы» ұйымы соғ иы бұйрық беріп зуге генерал Кла етіп, Трумэнге т леграммада гене

ТУРКИЯНЫҢ Е

СТАМБУЛ, 10 кия баспасөзінің халық- республи кәзір Туркияны седателі Ивено іспір қаласында о алдында митингі ган. Алайда, Ту р партиясы жергіі Халық республи тингісін болдырт

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1953 жылға

жазылушылар қабы

бастайды

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, н совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық ө жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің м тұруын қамтамасыз етеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-ұй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және аумақшаруашылық бөлімдері — 2-38, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс